


Мемлекеттік зейнетақы (әлеуметтік сақтандыру) — федерал үкімет басқаратын бағдарлама. Бағдарлама бұған құқығы бар адамдарға зейнетақы мен жәрдемақы төлеу үшін әлеуметтік сақтандырудың траст қорларына түсетін салықтар есебінен жұмыс істейді. Жұмысқа өтініш берген кезде АҚШ-та тұратын адамның әлеуметтік сақтандыру нөмірі болуы тиіс. Бұл жүйе жұмыс істейтін американдықтардың шамамен 96%-ын қамтиды.



МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ

✓ Толық (қалыпты) зейнет жасы – 67 жас, оны SSA зейнетақы мөлшерін тағайындау үшін пайдаланады;

✓ Зейнетақы алуға өтінішті 62 жастан бастап мерзімінен бұрын беруге болады. Бұл ретте зейнетақы өмір соңына дейін төмендетілген мөлшерде төленетін болады. Зейнетақы төлеуге өтініш толық зейнет жасынан кеш (70 жасқа дейін) берілген жағдайда, зейнетақы мөлшері, керісінше, ұлғаяды;

✓ Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша зейнетақыға құқық алу үшін АҚШ тұрғыны кемінде 10 жыл жұмыс істеуі (40 кредит жинау) керек, бұл ретте SSA оның еңбек жолындағы 35 жыл ішіндегі ең жоғары табыс негізінде зейнетақы мөлшерін есептейді;

✓ Егер зейнеткердің табысы мен ресурстары шектеулі болса/ немесе табысы мүлдем болмаса, онда 65 жастан бастап оған қосымша әлеуметтік (атаулы) зейнетақы төленеді;

✓ Мемлекеттік зейнетақымен табысты алмастыру коэффициенті орташа 40% болады. Зейнетақы жыл сайын ТБИ бойынша индекстеледі.

Social Security
Әлеуметтік сақтандыру агенттігі (SSA)
67 жаста зейнетке шыққан кезде ең жоғарғы зейнетақы мөлшері – \$3 627 (2023 жыл)

АҚШ қазынашылық департаменті
Қосымша әлеуметтік зейнетақы төлеу Қазынашылық қорлары есебінен жүзеге асырылады

Мемлекеттік зейнетақының есептік орташа айлық мөлшері – айына \$ 2 972 (2023 жылғы қаңтар);
Ерлі-зайыптыларға қосымша әлеуметтік зейнетақы – айына \$1 371.

Мемлекеттік зейнетақының есептік орташа айлық мөлшері – айына \$ 2 827 (2023 жылғы қаңтар);
Жалғыз басты зейнеткерлер үшін қосымша әлеуметтік зейнетақы – айына \$914.

Зейнеткер толық зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы алып отырып, жұмысын жалғастыра берген жағдайда, SSA оның қанша табатынына қарай зейнетақының бір бөлігін немесе барлығын уақытша ұстап қалуы мүмкін. Зейнеткер толық зейнет жасына толған кезде SSA бұрын толық төленбеген кредиттерді өтей отырып, зейнетақы сомасын қайта есептейді. Толық зейнет жасына толғаннан кейінгі табыс мөлшері зейнетақы төлемдерінің сомасына әсер етпейді.



ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТҮРЛЕРІ (КӘСІПТІК НЕМЕСЕ ЖЕКЕ)

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң (ERISA) зейнетақы жоспарларының екі түрін қамтиды: төлемдері белгіленген жоспарлар (DB) және жарналары белгіленген жоспарлары (DC)

Төлемдері белгіленген жоспар (DB) зейнетке шыққан кезде белгілі бір ай сайынғы соманы уәде етеді. Зейнетақы мөлшерін жалақы және еңбек қызметінің кезеңі сияқты факторларды ескеретін формула арқылы есептеуге болады. Дәстүрлі DB жоспарларының көпшілігінің зейнетақысы Зейнетақы төлемдеріне кепілдік беру корпорациясы (PBGC) ұсынатын федерал сақтандырумен белгілі бір шектерде қорғалған.

Жарналары белгіленген жоспар (DC) зейнетке шыққан кезде зейнетақы төлемінің нақты мөлшерін уәде етпейді. Бұл жоспарларда қызметкер және/немесе жұмыс беруші белгіленген мөлшерлеме бойынша жоспарға сәйкес қызметкердің жеке зейнетақы шотына жарналар салады. Бұл жарналар, әдетте, қызметкердің атынан инвестицияланады. Қызметкер, ақырында, жарналар мен инвестициялардан түскен пайда/шығын ескерілген қалдықты алады. Зейнетақы шотындағы қалдық мөлшері инвестициялар құнының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. DC жоспарларының мысалдары 401 (k) жоспарларын, 403 (b) жоспарларын, қызметкерлердің акцияларына иелік ету жоспарларын, пайдаға қатысу жоспарларын қамтиды.

«Ақша қаражаты қалдығының жоспары» («Cash balance Plan») — зейнетақыны DC жоспарына тән ерекшеліктермен анықтайтын DB жоспары. Басқаша айтқанда, «ақша қаражаты қалдығының жоспары» зейнетақы төлемінің уәде етілген мөлшерін шоттағы белгіленген қалдық тұрғысынан анықтайды. Әдеттегі «ақша қаражаты қалдығының жоспарында» қатысушының шотына жыл сайын «төлемге кредит» (мысалы, жұмыс берушіден 5% өтемақы) және «пайызға кредит» (тіркелген немесе қазынашылық вексельдердің жылдық мөлшерлемесі сияқты индекске байлаулы құбылмалы мөлшерлеме) есептеледі. Жоспар инвестициялары құнының көбеюі мен азаюы қатысушыларға уәде етілген төлемдер сомасына тікелей әсер етпейді. Осылайша, жоспар активтері бойынша инвестициялық тәуекелдер мен сыйақыны/шығынды тек жұмыс беруші көтереді. Қатысушы «ақша қаражаты қалдығының жоспарына» сәйкес зейнетақыға құқық алған кезде төлем мөлшері оның шотындағы нақты қалдық тұрғысынан анықталады. «Ақша қаражатының қалдығы жоспарларының» зейнетақысы төлемдері белгіленген дәстүрлі жоспарлардың көпшілігі сияқты белгілі бір шектерде федерал сақтандырумен (PBGC) қорғалған.

Қызметкерлер үшін жеңілдетілген зейнетақы жоспары (SEP) — зейнетақы жинақтарының салыстырмалы түрде жеңіл механизм. SEP қызметкерлерге тиесілі жеке зейнетақы шоттарына (IRA) жеңілдікті салық негізінде жарналар салу мүмкіндігін береді. SEP-ке есептік пен ақпаратты ашуға қойылатын ең төменгі талаптар қойылады. SEP-ке сәйкес қызметкер жұмыс берушінің жарналарын алу үшін IRA ашу керек.

401(k) жоспары — жарналарды қызметкердің өз бетінше немесе жұмыс беруші арқылы, яғни қызметкер жалақысының бір бөлігін салық шегерілгенге дейін ұстап қалу және осы соманы DC 401(k) жоспарына аудару арқылы төлеуін көздейтін DC жоспары. Жұмыс беруші қызметкердің шотына ұқсас жарна сомасын сала алады. Қызметкер зейнетақы жоспарына бағыттай алатын жылдық табыс сомасына шектеу бар. Жұмыс беруші қызметкерлерге қолданылуы мүмкін кез келген шектеулер туралы хабарлауы тиіс. 401 (k) жоспарларына қатысатын қызметкерлер көп жағдайда өз активтерін инвестициялау мәселелерін өз бетінше шешіп, зейнеткерлік табысы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қызметкерлердің акцияларына иелік ету жоспары (ESOP) — инвестициялар негізінен, жұмыс берушінің акцияларына салынатын DC жоспарының нысаны.